



Қазақстандағы музей ісі мен осы сала мамандарына арналған «Музей әлемі» журналы оқырман қауымға ұсынылып отыр. Еліміздегі барша музей мамандарына аталған басылым арқылы өз еңбектерін жариялауға мүмкіндік қарастырылған. Осылайша, біз, еліміздің ең ірі музейлерінен бастап, шалғай аудан-ауылдардағы әріптестерімізбен тығыз байланыс орнатуды көздеп отырмыз. Қазақстанның бай тарихи мәдениетін насихаттау арқылы ұлт мәдениетіне қызмет етуді мақсат тұтқан «Музей әлемі» журналы сіздердің таным көкжиегін кеңейтер қызықты мақалаларыңызды жарыққа шығаруға дайын.



Бас редактор:
Айгүл Айтмуханова

Жауапты редактор:
Эльмира Абдукамалова

Редакторлар:
Қымбат Елтайқызы
Тазагүл Қабыкенқызы
Аяғоз Султанова

Суретші-дизайнер:
Аида Смайлова

Фотогілші:
Қанат Мусин

МУЗЕЙ ӘЛЕМІ №3-2025

«Астана қаласының жас мүгедектері»

Баспахана мекен-жайы:

Астана қ., Е 489, 6

Тел.: 8 701 251 90 17

Редакцияның мекен-жайы:

010000, Астана қаласы

Тәуелсіздік даңғылы, 54,

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі

6-блок, 6-қабат, 618-бөлме

Байланыс телефондары:

+7(7172) 91 90 35, 335, 663, 664, 641 (ішкі)

e-mail: Qazyna.journal@gmail.com

Журнал жылына 4 рет шығады

Пішімі 205x275 мм. Офсеттік басылым 4+4

Журналға жарияланған авторлық материалдар редакция көзқарасын білдірмейді.

МАЗМҰНЫ

Тұлғалар тағылымы

Аксакалова Ж., Шынарбек Н. Камиль Муллашев шығармашылығындағы ұлттық болмыспен заманауи кескіндеме мәнерінің тоғысуы.....	4
Ақпанбекова Ғ., Есжанова Г. Шоқан бейнесі музейде.....	12
Өмірсерік Т. Жіппен өрнектелген тарих.....	16
Пашко О. Художник-педагог Жамкен Серикбаев (1925-1998) к 100-летию со дня рождения художника.....	20

Халықаралық тәжірибе

Yang H. How Exhibitions Tell Each Other: Researches on Museum Practices of Cross-Cultural Communication with Silk Themes.....	23
Кубашева Е. Ыстамбұлдағы тілдік алмасу арқылы түрік тілінің мәдениетаралық коммуникациясы.....	30
Исабаева К. Повышение квалификации музейных специалистов через международные стажировки.....	33

Тарихи орын

Бегалиев О. Түркі дүниесі тәу етер Қорқыт ата кешені.....	38
Шаимова А. Музей в стиле ландшафтного пространства.....	41
Жұмашова А., Мусаева С. Ескерткіштерді музейлендіру және аймақтағы мәдени мұраны пайдалану.....	44
Шөмекей М. Жалағаштағы қабырға петроглифтері.....	49

Музей тынысы

Коньсбекова З. Социокультурный проект «Қазақстанның ұлттық қазынасы»: культурное партнёрство в динамичном городском пространстве.....	53
Алшимова Э. Қасиетті мұра: Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейіне 110 жыл.....	55
Нұрпейсов Б. Музей ісіндегі заманауи технологиялар: Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің тәжірибесі.....	60

Бір жәдігер тарихы

Кадыльчина А. Карта Энтони Дженкинсона 1562 года.....	66
Шөмекей М. Қаршын.....	69

Қор қазынасы

Аубакирова Г. Художественное наследие Айши Галимбаевой в фондах Павлодарского областного художественного музея имени Н. Нурмухаммедова.....	70
Урдашева Г. Музей қорындағы сүйектелген бұйымдар.....	74
Дубовая Е. Оригинальная графика Казахстана XX в. Рисунок и акварель из собрания Павлодарского областного художественного музея имени Н. Нурмухаммедова.....	79

Мұра және қалпына келтіру

Мұхамедина Э. Қазынамызға қайта оралған жәдігерлер.....	83
Ченченкова О. Реставрация археологических фрагментированных сосудов из металла.....	86
Кащеев А. Причинная обусловленность биоповреждений музейных предметов.....	91
Чехова Е. Реставрация фрагментов кожаного футляра, расшитого шелком из могильника VIII-IX вв. в Северной Осетии.....	94

Естелік ізімен

Молдагулова Г. Жауынгер ерлігінің айғағы.....	98
---	----

Музей жетістіктері

Бүгінгі таңда музейдің тұрақты экспозициясы археология және палеонтология залдарынан тұрады. Жекелеген залдар өңірдің табиғи байлығы, оның тарихы мен мәдениеті, өлке халықтарының тұрмысы, Қостанай қаласының құрылу тарихы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қала өмірі және басқа да тақырыптарға арналған. Сонымен қатар, музейде екі көрме залы бар.

Келушілерге қазіргі заманғы техникалық құралдар қызмет көрсетеді: экспозиция залдары бойынша үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) аудиогидтер, музей холлындағы сенсорлық киоск, сондай-ақ әрбір залда экспозициялық кешендердің тақырыптары бойынша үздіксіз (non-stop) режимде қосымша бейнематериалдарды көрсетуге арналған теледидарлар орнатылған.

Музей қонақтарының қызықты әрі тартымды өлке тарихы әлеміне бір сәтте енуіне барлық жағдай жасалған. Музей құрамына Қостанай қаласында, Алтынсарин көшесі, 113 мекенжайында орналасқан бейнелеу өнері бөлімі кіреді. Сонымен қатар, Жітіқара қаласында қорды толықтыру және көрмеге қоюды ғылыми-зерттеумен қамтамасыз ету бөлімі, Қарабалық кентінде өңірлік тарихты ғылыми-зерттеумен қамтамасыз ету бөлімі жұмыс істейді.

Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейінің мол жиынтығы – еліміздің көп ғасырлық

тарихының айнасы іспеттес. Музей залдарын аралап, көне кітаптың парақтарын парақтағандай, біздің жалпы тарихымыздың азалы да даңқты беттерімен танысасыз.

Музей қоры 150 мыңнан астам жәдігерді қамтиды. Олардың әрқайсысы кездейсоқ емес, тарихи оқиғалармен немесе көрнекті тұлғалармен тығыз байланысты.

Музей бүгін білім беру қызметтері нарығында жетекші орындардың бірін иеленеді және қоғам өміріндегі белсенді әрі маңызды элемент болып табылады. Қызметкерлердің қажырлы еңбегінің арқасында музейге келушілер мен көшпелі мәдени-білім беру бағдарламаларына қатысушылар саны жылына 300 мыңнан астам адамға жетеді.

Болашақта музей тиімді қызмет пен музей ісін жетілдіру мақсатында қазіргі заманғы мультимедиялық технологияларды қолдану, Қостанай облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші – «Көпес Яушевтер пассажины» реэкспозиция жүргізу жоспарда бар. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін ғылыми тұжырымдама жасалып, тақырыптық-экспозициялық жоспар құрылып, сәулеттік-көркем жоба дайындалды.

Музейдің мерейтойына дайындық аясында ғимарат ішіндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстары мен инженерлік коммуникацияны жаңарту жұмыстары жүргізілді.

МУЗЕЙ ІСІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Бахтияр Нұрпейсов

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі

Ақтөбе қ.

Бүгінде адам өмірін ақпараттық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Денсаулық сақтау, ұлттық қауіпсіздік немесе әлеуметтік-мәдени мекемелер болсын қоғамның барлық саласында ақпараттық технологияларды барынша қолданып келеді. Музей – тарих және мәдениет нысандарын сақтайтын, зерттейтін және насихаттайтын институт ретінде, заман талаптарына сай өз жұмысында заманауи технологияларды үнемі интеграциялап отырады.

2010 жылы америкалық зерттеуші Н. Саймонның Participatory Museum еңбегі музей қызметкерлерінің үлкен қызығушылығын

оятқан болатын. Ол өз жұмысында келушілерді пассивті тыңдаушы ретінде емес, белсенді серіктес болуға шақыру керектігіне назар аударған. Сондай-ақ, музей интерактивтілігіне негізделген келушілермен байланыс орнатудың жаңа моделін насихаттады (Ю.М.Комлев, 2015, 159-б). 2024 жылы 23-24 қыркүйекте Астанада өткен Халықаралық «Қазақстан музей конгресінің» 1-ші панельдік сессиясында «Заманауи музейлер: ғылым, білім және жаңашылдық» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы ұйымдастырылды. Конференция барысында заманауи технологиялардың музей әлеміндегі

орны қарастырылып, әлем музейлеріндегі оның ішінде Қазақстан музейлеріндегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ұтымды пайдалану мәселелері көтерілді.

Осы орайда, Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің жәдігерлерді насихаттау және келушілермен тиімді байланыс орнату мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану тәжірибесі арқылы атқарылып жатқан жұмыстарына тоқталып өтсек.

«Ақпараттандыру туралы» Қазақстанның 2014 жылғы 24 қарашадағы Заңының 1-бабының 28-тармағына сәйкес, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – электрондық ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу әдістерінің және аппараттық-бағдарламалық кешен мен телекоммуникациялар желілерін қолдана отырып жүзеге асырылатын ақпараттық өзара іс-қимыл әдістерінің жиынтығы.

Ақпараттық технологиялар құрылымына қарай аналогтық және цифрлық болып бөлінеді. Біз цифрлық технологияларға арнайы тоқталамыз, себебі компьютерлік техниканың қарқынды дамуы мультимедиялық өнімдер жасауды, кеңістікті виртуалдандыруды мүмкін етті. Бұл өз кезегінде, қазіргі таңда музей қызметін

ұсынудың жаңа техникалық жобаларының пайда болуына алып келді. Олардың ішінде музейлер белсенді қолданатын виртуалды турлар, кеңейтілген экспозициялар, интерактивті көрмелер, цифрландырылған мәліметтер базасы, мобильді қосымшалар, аудиогидтер және басқа да инновациялық шешімдерді атап өтуге болады.

Цифрлық технологиялардың мынадай:

- ақпараттық-танымдық қызметі – экспозиция материалдарында қосымша виртуалды құралдарды пайдалану;
- білім беру қызметі – ақпараттық технологияларды музей құралдарымен бірге қолдана отырып оқыту процесі;
- маркетингтік қызмет – музейдің мәртебесі мен имиджін насихаттау мақсатында пайдаланылатын негізгі қызметтері бар (И.А.Пичкурова, 2020, 276-б).

«Виртуалды тур» – пайдаланушыға музей экспозициясына немесе басқа тарихи-мәдени мұра нысандарына виртуалды саяхат жасауға көмек беретін, жоғары сапалы суреттер мен веб-парақшаларды біріктіру арқылы жасалған цифрлық кеңістік. Бұл кеңістік көбінесе көлденең жазықтықта 360° бұрышында нысанды кез келген бағыттан толық көруге мүмкіндік береді.



Ақпараттық тақта. «Ақтөбе облысының киелі жерлерінің картасы».

Интерактивті экспозициялар – музей қонақтарына ақпаратты қабылдауға көмектесетін сенсорлық экрандар мен мультимедиялық панельдер. Мысалы, жоғарыда аталған виртуалды турды жасауға мүмкіндік беретін LED экрандар да осы қатарға жатады.

Цифрландырылған мәліметтер базасы – қызығушылық танытқан келушілерге немесе зерттеуші ғалымдарға тарихи мәліметтерге (заттай немесе жазбаша) қолжетімділікті қамтамасыз ететін бағдарламалар.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің тарихы 1929 жылдан бастап өлке тарихын таныстыратын көрме ретінде басталды. Бірнеше даму кезеңінен өткен музей 2018 жылы заманауи талаптарға сай 11 көрме залы бар жаңа ғимаратқа көшірілді. Алғашында «Табиғат», «Археология», «Құнды және сирек экспонаттар залы», «Қазақ хандығы» және уақытша көрме залдары ашылған болатын. Кейін, 2019 жылы «1869-1940 жж. өлке тарихы», «Ерлік пен Даңқ», «1945-1991 жж. Ақтөбе өлкесінің тарихы», «Тәуелсіздік жолымен» және «Этнография» залдары қосылды (А.Ержанов, 2020).

Сонымен қатар, 2024 жылы өлкемізден шыққан тұлғалардың өмірі мен қызметіне арналған «Тарих және тұлға» залы ашылып, «Құнды және сирек экспонаттар» залы «Алтын зал» ретінде қайта жасақталды.

Көрме залдары толықтай заманауи технологиялармен қамтамасыз етілген. Яғни, ақпараттық киоскілер, интерактивті кітаптар, әр тақырыпта бейне-роликтер мен деректі фильмдер қосылатын LED экрандар орнатылды. Мысалы, Ақтөбе облысының киелі жерлеріне виртуалды

саяхат жасауға мүмкіндік беретін арнайы экрандар облыс аумағындағы 78 нысанды қамтиды.

Оның ішінде «Археология залында» диаграммасы бар Қызылүйік ғибадатханасы (б.з.д. V-б.з.ІІ ғғ.), республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші Абат – Байтақ қорымы (XIV-XV ғғ.), 2019 жылы құнды археологиялық олжа табылған Тасқопа I қорымы (б.з.д. IV ғ.) мен тағы да басқалары бар. Виртуалды саяхат негізінде келушілер нысанның табиғи-тарихи ортасымен танысып, байланыс орнатуға мүмкіндік алады.

Әр залдың тақырыбына сәйкес ақпараттық киоскілер орнатылған. Бұл киоскілерде экспонаттар туралы ақпараттық мәтіндер, бейнемазмұн, фотосуреттер және музейлік заттардың 3D үлгілері көрсетіледі.

Соңғы онжылдықта ақпараттық технологиялардың негізгі қызметтері көбінесе мекемелердің веб-сайттары мен әлеуметтік желілердегі парақшалары арқылы жүзеге асады. Бүгін Қазақстан музейлерінің сайттары тек мекеменің жұмыс уақыты, билет бағалары, мекенжайы сияқты деректемелермен шектелмей, заманауи талаптарға сай музей құрылымын толықтай қамтиды.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің ресми веб-сайтының «Виртуалды музей» бөліміне кіргенде, жоғарыда аталған музейдің барлық көрме залымен танысуға мүмкіндік беріледі. Бұл бөлімде кеңейтілген экспозициялар көрсетіліп, пайдаланушыға қосымша ақпарат ұсынылады. Қажет болған жағдайда виртуалды экскурсовод көмегіне жүгінуге де болады (Ақтөбе облыстық



Абат-Байтақ кесенесі. 3D модель.



Музей сайтындағы виртуалды тур.

тарихи-өлкетану музейі, 2025).

Айта кететін маңызды мәселелердің бірі – аса құнды әрі қызығушылық тудыратын жәдігерлердің 3D үлгілерін жасау арқылы пайдаланушылар экспозицияда немесе қорда тұрған музейлік затпен жан-жақты таныса алады. Мысалы, табиғат залына кіріп, мезозой диаграммасына назар аударсақ, клименияның, кендегі пелециподалар мен гастроподалардың және басаяқты ұлулардың 3D форматындағы фотосуреттері ұсынылған. Бүгінге дейін 343 музейлік заттың 3D моделі түсірілді.

Экспонаттардың 3D моделін жасау екі негізгі мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Біріншіден, музейлік затты толықтай ұсыну мүмкіндігі туып, оны ұзақ мерзімді сақтау құралы ретінде пайдалану қамтамасыз етіледі және қолжетімділікті жеңілдетеді.

Екіншіден, 3D модельдер талдамалық зерттеулер жүргізуге көмектеседі. Мысалы, нысан өлшемдерін, көлемін, бетінің ауданын, тығыздығын, кедір-бұдырлығын және басқа да физикалық қасиеттерін өлшеу; геометриялық сипаттамаларды анықтау (масса орталығы, симметрия осьтері, ауытқулар, қималардың

құрылысы және т. б.) мүмкіндігі беріледі.

Осы мәліметтерге негізделе отырып, заттың өндіріс технологиясын болжау немесе ықтимал қолдану аясын тексеру мақсатында компьютерлік сынақтар жүргізуге болады. Бұл заттың беріктігі мен серпімділік сипаттамаларын қосымша енгізуді талап етеді. Бірақ қазіргі уақытта зерттеу деректерін өңдеуге арналған бағдарламалық жасақтамалар көптеген салада бар және белсенді түрде қолданылып келеді (С.Ю.Бондаренко, 2023, 133-б).

Заманауи технологияларды музей әлемінде қолданудың тағы бір маңызды аспектісі – 3D принтер арқылы нысанның көшірмесін жасау мүмкіндігі. Келушілерге заттай деректі қолмен ұстап көру мүмкіндігін беретін бұл жаңашылдық музейлік зат пен келушілер арасындағы кедергіні жояды. Аталған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мүмкіндігі шектеулі және зағип жандармен тиімді байланыс орнатуда маңызды рөл атқарады. Бұл тәжірибе көптеген музейде кеңінен қолданылып келеді (А.В. Вострокнутов, 2014, 11-б).

Музей сайтының статистикасына назар


Музей сайты бойынша статистика (география).

Визиты за отчётный период: 6 958

География Как использовать

1 янв — 31 дек 2024 Детализация: по неделям Данные: с роботами 

Визиты



аударар болсақ, 2024 жылы жалпы 6958 виртуалды келуші музей сайтына кірген, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 62%-ға артық. Пайдаланушылардың 83,7%-ы Қазақстаннан болса, 16,3%-ы әлемнің 37 елінен, оның ішінде АҚШ, Ресей, Қытай, Германия және басқа да мемлекеттер бар.

Жаһандану дәуірінің талаптарына сәйкес, веб-сайт қызметі мобильді құрылғылар арқылы оңтайландырылған. Қазіргі таңда мобильді қосымшалар музейлер қызметін кеңейтіп, мәдени мұраны ұсынудың жаңа тәсілі ретінде қолданылып келеді. Мысалы, 2011 жылы голландиялық инноваторлар командасы ойлап тапқан ізі. TRAVEL халықаралық мобильді платформасы музейлер, тарихи орындар мен көрнекі жерлер үшін мультимедиялық гид қызметін атқарады. Бұл платформа арқылы Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейімен де танысуға болады.

Музей мен қоғам арасындағы байланысты қалыптастыруда әлеуметтік желілердің маңызы зор. Біріншіден, әлеуметтік желілердің танымалдылығы музей мамандарына келушілермен тікелей диалог құру мен кері байланыс орнату мүмкіндігін береді. Екіншіден, келушілер музеймен үнемі байланыста болады, ал музейлер өз кезегінде келушілер санын арттыру мақсатында өз коллекцияларымен, жүргізілетін іс-шараларымен және жаңалықтарымен тұрақты түрде бөлісіп отырады (А.А. Никуличева, 2022, 300-б).

Бүгін Қазақстан музейлерінің барлығында Facebook, Instagram мен соңғы жылдары танымал болған TikTok әлеуметтік желілерінде өз парақшалары бар. Оқырмандар саны бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Қастеев музейі, Алматы қаласының музейлер бірлестігі және басқа да бірнеше музейді атап өтуге болады.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің Instagram парақшасында қазіргі таңда 6 мыңнан астам оқырман бар. Сонымен қатар, әлеуметтік желілердің танымалдылығын ескергенде, орташа есеппен бір аптада 9 мыңға жуық адам парақшаны қарайды. Instagram парақшасының статистикасына сүйенсек, ер адамдар мен әйел адамдардың үлесі, пайдаланушылардың жас ерекшеліктері, Қазақстанның қай өңірлерінен келгені туралы мәліметтерді көруге болады. Осындай деректер негізінде музей қызметкерлері беріліп жатқан ақпараттың мазмұнын үнемі түзетіп, реттеп отырады.

Цифрландырылған мәліметтер базасы

мәселесіне тоқталсақ, «Қазақстан мәдени саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» тарихи-мәдени мұраны сақтау мақсатында заманауи технологияларды пайдалану қарастырылған. Бұл тұжырымдамада музейлер мен тарихи-мәдени мұра объектілеріне келуді 2019 жылғы деңгейден 2030 жылға дейін 20%-ға ұлғайту мақсатында музей заттарын цифрландыру арқылы музей ісінде цифрлық технологияларды дамыту жоспарланған.

Қазіргі уақытта Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінде SAQTAU автоматтандырылған ақпараттық жүйесі толықтай енгізіліп, қорда сақталған экспонаттарды сандық форматқа көшіру үдерісі жүйелі түрде жүргізіліп жатыр (Г.С. Шоққарина, 2024, 480-б). 2025 жылғы наурыздың негізгі сандық көрсеткіштеріне сәйкес, сандық форматқа көшірілген экспонаттар саны 18 450, бұл жалпы қор санының 15,3%-ын құрайды.

Музей мен келушілер арасында байланыс орнатудың негізгі қызметтерінің бірі – экскурсиялық қызмет екені сөзсіз. Қазіргі таңда бұл қызмет заманауи технологиялар көмегімен, мысалы, арнайы аудиогидтер мен бағдарламалар арқылы атқарылып жатыр. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қазір музей қызметіне HENGDA технологиялық компаниясының өнімдерін енгізуде (Экспомир, 2025).

Аудиогидтің жұмыс қағидаты мультимедиялық мазмұнды құрылғының жадына жүктеу арқылы жүзеге асырылады. Бұл мазмұнға экспонаттар туралы аудио файл, фото, бейнемазмұн және мәтіндер кіреді. Аудиогидтер музейде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін ақпаратқа қолжетімділікті арттыруға, сонымен қатар олардың мәдени тәжірибесін байытуға мүмкіндік беретін маңызды құрал ретінде қолданылады.

Қорытындылай келе, музейдегі заманауи технологиялар ақпараттық ресурстарды жинау, сақтау, өңдеу, оңтайландыру және пайдалану күрделілігін жеңілдетуді мақсат етеді. Музейлердегі ақпараттық, цифрлық және коммуникациялық технологиялардың дамуы тек интеграциялық сипатта болады. Яғни, музейлік заттар ақпараттық технологиялардың көлеңкесінде қалмай, заманауи технологиялар негізінде жаңа қырынан ашылуы тиіс.

Бұл ретте, атақты кеңестік және ресейлік музейтанушы Т.П. Поляков музейлік затқа мынадай анықтама береді: «Музейдің қызметтік шеңбері музейлік заттың басталу мен аяқталу

нүктелерінен туындайды. Яғни, әлеуметтік маңызы бар тарихи-мәдени үдерістердің, құбылыстар мен оқиғалардың шынайы куәгері саналатын затты музейлік зат деп атаймыз» (И.А. Пичкурова, 2020, 276-б).

Бұнымен бірге, ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жаңашылдықтарды үнемі бақылауды, бағдарламалық жаңартуларды және техникалық қызмет көрсетуді уақытында жүзеге асыруды талап етеді.

Бүгінде тарихи-мәдени мұраны сақтайтын, зерттейтін және насихаттайтын мекеме ретінде Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі заманауи технологияларды құжаттамалық және трансляциялық қызметінде белсенді пайдаланып келеді. Осы негізде ақпарат келушілерге тартымды әрі қолжетімді түрде жеткізіліп, музей әлемінің шекаралары кеңейе түсуде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің сайты [электрондық ресурс] – Қолжетімділік тәртібі: <https://aqtobe-museum.kz/kz/> (қол жеткізу күні: 02.04.2025)

2. Бондаренко С.Ю., Кирюшин К.Ю., Фролов Я.В. Возможности технологии создания цифровых копий археологических артефактов на примере пешни с памятника Фирсово-ХІ (Барнаульское Приобье). Вестник Омского университета. Серия «Исторические науки». 2023. Т. 10, № 1 (37). С. 129–142

3. Вострокнутов А.В., Вострокнутова Г.И. Археологические материалы и их 3D копии в работе со слабовидящими и слепыми посетителями музея. Вестник Музея археологии и этнографии Пермского Предуралья. 2014. 10-13 с.

4. Ержанов А., Ұлықпанов С. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің қалыптасуы мен даму

тарихынан [электрондық ресурс] – Қолжетімділік тәртібі: <https://kazmuseum.kz/aza-stan-muzejleri/item/2010-aktobe-oblystyky-tarikhi-olketanu-muzejini-kalyptasuy-men-damu-tarikhytan> (қол жеткізу күні: 03.04.2025)

5. Комлев Ю.Э. Коммуникации в музее: теория и практика: монография / Ю.Э. Комлев. – Оренбург: ОГАУ, 2015. –316 с.

6. ҚР «Ақпараттандыру туралы» ҚРЗ 24.11.2015 ж. № 418V Заңы [электрондық ресурс] – Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418> (қол жеткізу күні: 01.04.2025)

7. Никуличева А.А., Вахитова Р.Р., Влияние цифровизации на развитие музейной коммуникации. Наука и практика в образовании: электронный научный журнал. 2022. Т. 3. № 5. 297-302 с. [электрондық ресурс] – Қолжетімділік тәртібі: <https://cyberleninka.ru/article/n/vliyanie-tsifrovizatsii-na-razvitie-muzejnoy-kommunikatsii> (қол жеткізу күні: 27.03.2025).

8. Пичкурова И.А., Кутькина О.П. Информационно-коммуникационные технологии и их возможности в музейном мире. Вестник кемеровского государственного университета культуры и искусств. Журнал теоретических и прикладных исследований. 2020. № 53. С. 274-279

9. Шоққарина Г.С. Музей саласында заманауи технологияларды қолдану//Халықаралық «Қазақстан музей конгресі» материалдарының жинағы (2024 жылғы 23-24 қыр күйек). – Астана: ЖК «Бекзат», 2024. – 479-483 бб.

10. Экспомир [электрондық ресурс] – Қолжетімділік тәртібі: <https://expomir.ru/> (қол жеткізу күні: 05.04.2025).

11. Izi.travel [электрондық ресурс] – Қолжетімділік тәртібі: <https://izi.travel/ru/ee8c-aktyubinskiy-oblastnoy-istoriko-kraevedcheskiy-muzej/ru> (қол жеткізу күні: 07.04.2025).

МУЗЕЙ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Египетте теңіз түбінен үш көне мүсін шығарылды

Мысырдың солтүстігіндегі Александрия жағалауының маңында орналасқан Абу-Кира портында Жерорта теңізінің түбінен Ежелгі Египет пен Рим империясы дәуіріндегі үш алып мүсін шығарылды.

Мысырдың Туризм және көне жәдігерлер министрлігінің мәліметінше, мүсіннің бірі кварцтан, екіншісі граниттен, ал үшіншісі ақ мәрмәрдан жасалған.

Ведомство басшысы Шериф Фатхидің айтуынша, бұндай артефактілер соңғы 25 жылда алғаш рет Жерорта теңізінен шығарылып отыр.

Дереккөз: «Известия» сайты